ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
**Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті**
**Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасы**

Филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультеті
Ғылыми кеңесінінің мәжілісінде бекітілді
№____хаттама «____»______2014 ж.
Факультет деканы
_____________Ө.Әбдиманұлы

СИЛЛАБУС

« **Әлемдік әдеби үдерістегі қаламгердің шығармашылық тұлғасы** » пәні бойынша Оқытушы туралы мәлімет: **Қанипаш Қайсақызы Мәдібаева,** қазақ әдебиеті тарихы және теориясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы

Телефондары: жұмыс – 377-33-39 (13-30), үй – 255-62-51, ұялы байланыс – 8702 2139775
e-mail:
каб.: 325

**Мақсаты:** Қазақ әдебиетінің тарихында айрықша орын алатын әдеби дәстүрдің бірі – Әуезов дәстүрі. Ол әдебиетіміздің барша жанрларына аса маңызды ықпал ететін теориялық ұғымдардың бірі. Жазушы шығармашылығындағы поэтика мәселелерінің тарихы мен теориясына, талантты шығармалардың тууына әсер ететін мәселелерге жан-жақты талдау жасау барысында көркемдік әдіс және бағыт мәселелеріне соқпай кету мүмкін емес. Талантты қаламгерлер шығармашылығындағы М.Әуезов дәстүрімен жан-жақты танысу; олардың ең таңдаулы шығармаларының жазылу тарихына әсер еткен кездейсоқтық және заңдылықтармен: жете танысу, талдау. өз қалаулары бойынша таңдаған тақырыптарына реферат, мақала жазу арнаулы курс алға қойып отырған басты мақматтардың бірі.

М.Әуезовтің әдеби дәстүрі проблемасымен жете танысу оның басты ұғымдары мен барысында барша қаламгерлік ой, сезімдерді бейнелеудегі басты тәсілдердің бірі ретінде баяндауға жолығамыз. Бұл тәсіл тарихи тұрғыда ғана емес, бүгінгі әдебиетіміз бен әдеби процесімізде де ілгері орындардан көрініп отыр. Сондықтан М.Әуезов прозасындағы баяндау құрылымын (структурасын) тереңдей білмеген жағдайда көптеген бейнелеу заңдылықтарының құпиясын білу мүмкін емес.

М.Әуезовтің жиырмасыншы ғасырдағы қол жеткен табыстары сол қиын дәуірде табанды түрде еңбектенген аса талантты қаламгерлер шығармашылығындағы және халық прозасы дәстүрлері араcндағы табиғи байланысқа тәуелді. Әдебиетімізге үнемі әсер

еткен осы әдеби дәстүрдің бүгінгі әдебиеттануымыз бен әдеби сында қозғалуы, жан-жақты зерттелуі кейінгі жылдардағы жұмыстарға байланысты.

Әдеби дәстүрлер туралы басты ұғымдардың негізгі бірліктері – көркемдік әдіс пен баяндау құрылымына арналған зерттеу жұмыстары енді – енді басталды деуге болады. М.Әуезов шығармашылығының басты заңдылықтарын жан-жақты, тереңірек зерттеу әдебиетіміздің барша табыстары, басты көрінісі болып табылатынын ұғындыру басты міндетіміз болып табылады.

Замана талабы мен қоғамдық сана алға тартқан ірі, аса өзекті тақырыптарды көркем әдебиет тіліне көшіре суреттеудің әдіс-тәсілдері, бейнелеу құралдары әдеби процесте маңызды орын алады. .Ойлана қарағанда аса талантты жазылған көркем шығарма осы, жеке ұлт тағдырына қатысты мәселелерді, әлемдік әдебиет назарына алып шыға алады. Адамның күнделікті тыныш тірлігінің таусылмас тізбектерін үзіп, тұнбаларын шайқайтын, Отан, парыз, ар-ұят, елдік, ерлік т.б. сан түрлі мәселелер тұрлі өтпелі - қоғамдық сана мен халық тұрмысының жаңарулары кезеңдерінде өзгеше қабылданады. М.Әуезовтің бұл кезеңдер туралы талантты жазылған прозалық, драматургиялық шығармалары қазақ әдебиетінің басты табысы екендігін түсіндірумен астасып келеді.

Қазақ әдебиетінің жай-күйі осы кезеңдегі қоғамдағы әлеуметтік жайлармен тікелей байланыстылығын, заман, уақыт әсер еткен заңдылықтардың басты бағыттары мен ұрымтал түйіндерін аңғарта білу керек.

Қазақ әдебиеті тарихынан басты орын алатын М.Әуезов дәстүрінің бүгінгі шығармалардағы сапалық өзгерістердің негізін, заңдылықтарын (әдеби, тарихи хронологияны сақтай отыра) магистранттарға ұсыну, алда тұрған басты мәселелерді түсіндіру, бүгінгі күн талабына сай байыпты білім берудің басты мақсаты болып табылады.

 **Міндеттері: Қаламгерлер шығармашылығына әсер еткен объективті, субъективті жағдайларды ғылыми негізді жан-жақты зерделеу.**

Ресми идеологияның қағида – құжаттары мен талантты қаламгерлер арсындағы қарым -қатынастар сипатын аңғара білу, шығармашалаққа әсер еткен негізгі заңдылықтарды талдай біоу аса маңызды келелі мәселелерге шуағын төгеді. Талантты қаламгерлер шығармашылығы арасындағы байланыстарды, қайшылықтарда ұғыну;

- көрнекті қаламгерлердің негізгі ірі шығармалары айналасындағы түрлі пікірлермен, зерттеулермен танысу;
- Қаламгерлер шығармаларындағы ұлттық сипаттардың әдебиетімізлегі жаңа ізденістермен байланысын, ара-қатынасын аңғару.

 **Пререквизиттері:** Әдебиет теориясы; қазақ халқының ауыз әдебиеті (халық прозасы); Фольклор және ежелгі дәуір әдебиеті; Орта ғасыр әдебиеті XY-XYII ғ.ғ әдебиеті; XYIII ғ. әдебиеті; XIX ғ. әдебиеті; XX ғасыр әдебиет; Қазіргі қазақ әдебиеті; Әлем халықтарының әдебиеті

 **Постреквизиттері:**

| Апта | Тақырыптың аталуы | Сағат саны | Бағасы |
|---|---|---|---|
| **1 Модуль.** | | | |
| 1 | 1. Дәріс. Курсқа кіріспе. Қазақ әдебиетінің даму тарихындағы М.Әуезов дәстүрі. Тақырыптың зерттелуі және бүгінгі күн мәселелері. | 2 | |
| | 2.Практикалық (зертханалық) сабақ. Тархи- | 1 | 10 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | дәуір шындығы және әдеби даму заңдылықтары. М.Әуезов туралы зерттеулер | | |
| | 1.МОӨЖ . Әдеби дамудың басты заңдылықтары және көрнекті қаламгерлер шығармашылығының рөлі | 1 | 2 |
| 2 | 2 .Дәріс. Қаламгер шығармашылығындағы ойлау және бейнелеу әдістері | 2 | |
| | 2 .Практикалық (зертханалық) сабақ. М.Әуезов шығармашылығына әсер еткен тарихи, объективті, субъективті жағдайлар | 1 | 10 |
| | 2.МОӨЖ.. Көркемдік әдіс және дәуір шындығы | 1 | 5 |
| 3 | 3.Дәріс. М.Әуезовтің проза жанры және оның көркемдігін ұштау жолындағы еңбектері | 2 | |
| | 3.Практикалық (зертханалық) сабақ. Көрнекті қаламгер шығармаларындағы замандастар бейнесі.(С) | 1 | 10 |
| | 3. МОӨЖ. Прозадағы жаңа тақырыптық, мазмұндық, идеялық сипаттар. | 1 | 5 |
| 2 Модуль | | | |
| | 4. Дәріс. М.Әуезовтің повестері, қаламгер стилі және көркем әдіс мәселелері (Д) | 2 | |
| | 4. Практикалық сабақ. М.Әуезов шығармашылығындағы көркемдік әдістер. Повестерінің әсемдік әлемі. (С) | 1 | 10 |
| | 4. МОӨЖ. | 1 | 5 |
| 5 | 5. Дәріс. М.Әуезов романының поэтикасы және . замана шындығы. Қаламгерлік таным (Д) | 2 | |
| | 5.Практикалық сабақ. Суреткерлік таным және замана шындығы. Үндестік және қайшылық (С) | 1 | 10 |
| | 5.МОӨЖ. Суреткер сырлары мен сезімдері арасындағы үндестік және қайшылық | 1 | 5 |
| 6 | 6. Дәріс. М.Әуезов романдарындағы көркем ой және көркем әдіс, шынайы сезім шындығын бейнелеу, баяндау ерекшеліктері .(Д) | 2 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 6. Практикалық сабақ. Абай жолы» романындағы көркем әдіс және ой, шынайы сезім шындығы бейнелеу | 1 | 10 |
| | 6. МОӨЖ. Романның құрлысы мен құрылымдық екекшеліктері. | 1 | 5 |
| 7 | 7. Дәріс. Замана шындығын бейнелеудегі және көркем әдіс поэтикасының өзгерістері(Д) | 2 | |
| | 7. Практикалық сабақ. 20 ғасыр басындағы М.Әуезовке әсер еткен әдеби дәсттүр және көркем әдістер (С) | 1 | 10 |
| | 7. МОӨЖ. «Намыс гвардиясы» және замана шындығы. | 1 | 3 |
| | Аралық бақылау | | 100 |
| | MIDTERM EXAM (ауызша) | | **100** |
| | Барлығы | | 200 |
| **3 Модуль** | | | |
| 8 | 8. Дәріс.М.Әуезов жиі қолданған қо дәстүрлі көркемдік әдістер және за заман шшындығы (Д) | 2 | |
| | 8. Практикалық сабақ. Көркем әңгімедегі жастар психологиясы және авторлық таным.(С) | 1 | 10 |
| | 8. МОӨЖ. Замана шындығы және жастар мәселелері | 1 | 3 |
| 9 | 9. Дәріс. М.Әуезов романдарындағы монологтар поэтикасы және көркемдік тәсілдер мен әдістер(Д) | 2 | |
| | 9. Практикалық сабақ. Замана шындығы және адам тағдырының өзгерістері туралы жаңа танымдардың көркемдік әдістерге ықпалы(С) | 1 | 10 |
| | 9. МОӨЖ. М.Әуезов пьесаларындағы драматизм | 1 | 3 |
| 10 | 10. ДӘРІС. М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАЯНДАУ ДӘСТҮРІ ( Д | 2 | |
| | 10. Практикалық сабақ. Жастар теңдігі туралы тақырыптардың М.Әуезов пьесаларында қозғалуы | 1 | 10 |
| | 10. МОӨЖ. ПСИХОЛОГИЗМ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ТӘСІЛ | 1 | 3 |
| | 11.Дәріс. .М.Әуезов романдарындағы | 2 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | көркемдік әдіс:сезім: толқу, қуану, қайғы-мұң, ашу, тоқырау т.б. жеткізудегі авторлық ізденістер және әдеби дәстүр(Д) | | |
| | 11.Практикалық сабақ. Қайғы мұң өрнектерін бейнелеу поэтикасы | 1 | 10 |
| | 11.МӨЖ. ӘҢГІМЕШІ ТҰЛҒА БЕЙНЕСІНІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ | 1 | 3 |
| 12 | 12.Дәріс. М.Әуезов әңгімелеріндегі автор және әңгімеші дәстүрі (Д | 2 | |
| | 12. Практикалық сабақ. Жастар әңгімелеріндегі жаңа әуендер және М.Әуезов дәстүрі | 1 | 10 |
| | 12. МӨЖ. М.ӘУЕЗОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТАРТЫС | 1 | 2 |
| 13 | 13. Дәріс. М.Әуезов және Ж.Аймауытов прозасындағы баяндау. Авторлық, әңгімеші жіне кейіпкерлер баяндаулары ( Д ) | 2 | |
| | 13. Практикалық сабақ. М.Әуезов және Ж.Аймауытов | 1 | 10 |
| | 13. МӨЖ . ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ | 1 | 2 |
| 14 | 14. Дәріс. Қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларындағы баяндау құрылымы және М.Әуезов дәстүрі. (Д ) | 2 | |
| | 14. Практикалық сабақ. Қаламгердің өнердегі психологизм және психология туралы еңбектері (С) | 1 | 10 |
| | 14. МӨЖ. ҚАЗІРГІ ПРОЗАДАҒЫ М.ӘУЕЗОВ ДӘСТҮРІНІҢ БҮГІНГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ОЙ БӨЛІСУ. | 1 | 2 |
| 15 | 15. Дәріс. М.Әуезов және жастар шығармашылығы. Зерттеулер мен ғылыми мақалалар | 2 | |
| | 15. Практикалық сабақ. М.Әуезовтің халық прозасындағы баяндау туралы еңбектер | 1 | 10 |
| | 15. МӨЖ. Проза жанрлары және баяндаулар | 1 | 2 |
| | 2 Аралық бақылау | | 100 |
| | Емтихан | | **100** |
| | Барлығы | | 400 |

Негізгі оқулықтар мен оқу құралдары:

1. Қабдолов З.Сөз өнері – Алматы:Санат, 2002

2. Кәкішев Т.Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы:Санат, 1994
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 томдық – Алматы:Ғылым, 1964-1967
4. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2 томдық. І том. - Алматы, 2003
5. Қаратаев М., Нұртазин Т., Қирабаев С.Қазақ совет әдебиеті.
- Алматы; Мектеп, 1971
6. Қаратаев М., Нұртазин Т., Қирабаев С. Қазақ совет .
1-бөлім. Алматы:Мектеп, 1985
7. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы:Санат, 1997
8. Қирабаев С. Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. - Алматы, 1998
9. 1940-60 жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы:Ғылым, 1996
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық.-Алматы:ҚАЗ ақпарат,2005...
11. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – АлматыҒылым, 1996
12.Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея.-Алматы, 2007
13. Бисенғали З. Қазақ прозасы. 2-т. –Алматы:Арыс,2010
14. Бисенғали З., Манкеева Ж. Қазақ филологиясы:Егіз негіз,-Алматы: Арыс, 2010.
15.Бисенғали З. Қырқыншы – алпысыншы жылдардағы қазақ әдебиеті.-Алматы, Қазақ университеті,2006
16. Дадебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті.-Алматы: Қазақ университеті, 2003.
Қосымша әдебиеттер:
1.Белянин В.П. Психолингвистические аспекты художественного текста. – М., 1988.
2. Гальперин И. Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М., 1981.
3. Гюббенет И.В. Основы филологической интерпретации художественного текста.– М., 1991.
4. Елеукенова Г.Ш. Поэтика казахского рассказа: Литературоведческое исследование. – Алматы, 2004.
5. Задорнова В.Я. Восприятие и интерпретация художественного текста. – М., 1984.
6. Рустемова К.Р. Поэтика прозы Ануара Алимжанова. – Алматы, 1997.
7. Силантьев И.В. Газета и роман. Риторика дискурсных смешений. – М., 2006.
8. Томашевский Б.В. Теория литературы. Поэтика. – М., 1996.
9. Шабес В.Д. Событие и текст. – М., 1989.

Академиялық тәртіп пен этика саясаты

Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған немесе 50%-ден кем балл алған студенттер бұл тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады. Орынды себептермен зертханалық сабақтарға қатыспаған студенттер оқытушының рұқсатынан кейін лаборанттың қатысуымен қосымша уақытта зертханалық жұмыстарды орындауға болады. Тапсырмалардың барлық түрін өткізбеген студенттер емтиханға жіберілмейді. Бағалау кезінде студенттердің сабақтағы белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі. Толерантты болыңыз, яғни өзгенің пікірін сыйлаңыз. Қарсылығыңызды әдепті күйде білдіріңіз. Плагиат және басқа да әділетсіздіктерге тыйым салынады. СӨЖ, аралық бақылау және қорытынды емтихан кезінде көшіру мен сыбырлауға , басқа біреудің жазған тапсырмаларын көшіруге, басқа студент үшін емтихан тапсыруға тыйым салынады. Курстың кез келген ақпаратынан хабарсыз студент “F” деген баға алады. Өздік жұмыстарын (СӨЖ) орындау барысында,оларды қорғау мен тапсыруға қатысты және де өткен материал бойынша қосымша ақпарат алу үшін, сондай-ақ барлық туындаған сұрақтар бойынша кеңес алу үшін оқытушыға оның офис-сағаты кезінде қайрылсаңыз болады.

| Әріптік жүйе бойынша бағалау | Балдардың сандық эквиваленті | % мәні | Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | Қанағаттанарлық |
| C | 2,0 | 65-69 | |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D- | 1,0 | 50-54 | |
| F | 0 | 0-49 | Қанақаттанарлықсыз |
| I (Incomplete) | - | - | Пән аяқталмаған (GPA есептеу кезінде есептелінбейді) |
| P (Pass) | - | - | «Есептелінді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді) |
| NP (No Pass) | - | - | « Есептелінбейді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді) |
| W (Withdrawal) | - | - | «Пәннен бас тарту» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді) |
| AW (Academic Withdrawal) | | | Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау (GPA есептеу кезінде есептелінбейді) |
| AU (Audit) | - | - | « Пән тыңдалды» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді) |
| Атт-ған | | 30-60<br>50-100 | Аттестатталған |
| Атт-маған | | 0-29<br>0-49 | Аттестатталмаған |
| R (Retake) | - | - | Пәнді қайта оқу |

Кафедра мәжілісінде қарастырылды
*№ 47 хаттама «17» маусым 2014 ж.*

Кафедра меңгерушісі ф.ғ.д., профессор ____________________ А.Б. Темірболат

Дәріс оқушы ф.ғ.к., доцент __________________________ Қ.Қ. Мәдібаева